

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті

БЕКІТЕМІН

Ғылыми кеңес төрағасы,

ҚарМТУ ректоры,

_____ **Ғазалиев А.М.**

« _____ » _____ **2014 ж.**

**СТУДЕНТКЕ АРНАЛҒАН ПӘН БОЙЫНША
ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫ
(SYLLABUS)**

ҚТ 1106 «Қазақ тілі» пәні

ҚТ 06 «Қазақ тілі» модулі

5В071900– «Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар»
мамандығы

Энергетика және телекоммуникация факультеті

Қазақ тілі және мәдениеті кафедрасы

АЛҒЫ СӨЗ

Студентке арналған пән бойынша оқыту бағдарламасын (syllabus) әзірлегендер: ф.ғ.к., аға оқытушы Нығметова Нұргүл Тұрсынқызы, аға оқытушы Байпелова Гүлмира Сағынтайқызы, аға оқытушы Әбілқасов Ғабиден Мәжитұлы.

«Қазақ тілі және мәдениеті» кафедрасының отырысында талқыланды
« ____ » _____ 2014 ж. № ____ хаттама

Кафедра меңгерушісі _____ « ____ » _____ 2014 ж.
(қолы)

«Жол-көлік факультетінің» оқу-әдістемелік кеңесі мақұлдаған
« ____ » _____ 2014 ж. № ____ хаттама

Төраға _____ « ____ » _____ 2014 ж.
(қолы)

«Байланыс жүйелерінің технологиясы» кафедрасымен келісілген

Кафедра меңгерушісі _____ « ____ » _____ 2014 ж.
(қолы)

Оқытушы туралы мәлімет және қатынас ақпараты

ф.ғ.к. аға оқытушы Нығметова Нұргүл Тұрсынқызы
аға оқытушы Байпелова Гүлмира Сағынтайқызы
аға оқытушы Әбілқасов Ғабиден Мәжитұлшы

Қазақ тілі және мәдениеті кафедрасы ҚарМТУ-дың I корпусында (Бейбітшілік бульвары, 56), 329 аудитория, байланыс телефоны 56-95-06.

Пәннің еңбек көлемділігі

Семестр	Кредиттер саны	ECTS	Сабақ түрі					СӨЖ сағаттар саны	Жалпы сағаттар саны	Бақылау түрі
			Қатынас сабақтарының саны			СӨӨЖ сағаттарының саны	Барлық сағат саны			
			дәріс	практикалық сабақтар	зертханалық сабақтар					
1	3	4	-	45	-	45	90	45	135	Тест тапсырмалары
2	3	5	-	45	-	45	90	45	135	емтихан

Пән сипаттамасы

Қазақ тілі пәні жалпы білім пәндерінің циклына жатады, базалық даярлаудың құрамдас бөлігі болып табылады.

Пәннің мақсаты

Қазақ тілін меңгерудің әрбір деңгейіндегі негізгі міндеттерді сөйлеу түрлеріндегі модельдер мен қатысым түрлері арқылы жүзеге асыру. Тұрмыстық, әлеуметтік тақырыптардағы мәтіндер негізінде тіл үйренушілердің сөйлеу біліктілігін жетілдіріу, лексикалық қорын, грамматикалық білік-дағдыларын қалыптастыру, қазақ тілі грамматикасы туралы білімін дамыту.

Пән міндеттері

Осы пәнді оқыту нәтижесінде студенттер:

- кәсіби өмірден алынған қарапайым хабарламалар, өтілген тақырыптағы әңгімені анық айыра білу, әңгімелесушінің сөзін аңдай алу, дыбысталуы нақты жүйеленген радио-және телебағдарламалардағы мәліметтер, радиодан берілген жаңалықтардың негізгі хабары мен таныс тақырыптағы қарапайым баяу берілген мәтіндер (интервью, қысқа дәрістер, репортаждар) туралы тыңдалымнан **түсінік алуы керек;**

- сұхбат кезінде әріптесінің әңгімесіне көңіл аударуды, қызығушылық танытуды, монолог түрінде: әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени және дәлелдер арқылы өз көзқарасы бойынша сипаттауды, кітап немесе фильм сюжетін мазмұндау және дәлелдер арқылы өз көзқарасын білдіруді, берілген тақырып бойынша алдын ала дайындалған, аса күрделі емес баяндаманы жасауды **білуі керек;**

- өнер мен мәдениет (театр, фильм, кітап, музыка және т.б.) мәселелеріне байланысты өтілген тақырыптарды баяндау, мақұлдау, алған мәліметтерге өз көзқарасын білдіруді, дәлелдеуді;

- белгілі бір тақырыпты (әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени сала) талқылауға өз қабылдауы бойынша баға беруді;

- күнделікті тұрмыстық сөйлеу жағдаяттарында әңгімені қолдау және талқылау (нақты, өзіне таныс жағдаяттарға дайындықсыз араласып, әңгімені қолдау, қажет

жағдайда қайта сұрау, өз көңіл күйін білдіру, өкіну, мұңаюды, қызығушылық таныту немесе танытпау) **істей алуы керек;**

- ауызша және жазбаша қатысым түрлерінде: мәліметтерді беруге дайындығын мен қабілеттілігі, әңгімелесушіге жеткізе алуы, қызығушылық танытуы, мәліметтерді сұрау, қайталап сұрау, кеңес беру, нұсқау беру, нандыру, байқампаздық таныту, көңілі толуын-толмауын, қызығушылығын, немқұрайдылығын білдіру, қарапайым өзара байланысты мәтіндерді, тақырыптар мен тақырыпшалар аясындағы нақты жағдайларды немесе таныс заттар/объектілерді сипаттау, белгілі бір тақырып бойынша қысқа, аса қиын емес эссе жазу, күнделікті өмірдегі фактіге құрылған мәліметтер мен оны түсіндіруге қажетті әрекеттерге қысқаша баяндама жасауды;

- электронды және қағаз түріндегі мәтіндерді қарап, қажетті мәліметті ала білу, күнделікті материалдардан (хат, қысқа ресми құжаттар) қажетті ақпараттарды табу және түсіну, мәтін тақырыбындағы негізгі идеяны табу, газет материалындағы таныс тақырып бойынша негізгі ережелерді көрсете білу, қызығушылық танытқан тақырыбы бойынша қарапайым мәтіндегі нақты ақпараттарды оқу және түсіну, қарапайым тілде жазылған техникалық ережелердің (қауіпсіздік техникасы) мазмұнын түсіну, буклет, каталог, даңғыл, ас мәзіріндегі, кестедегі қажетті мәліметтерді оқи алу және оны қолдана алуды **білуге практикалық машықтануы керек.**

Пререквизиттер

Бұл пәнді оқу үшін келесі пәндерді игеру қажет:

Пән	Бөлімдердің (тақырыптардың) атауы
Қазақ тілі (орта мектеп деңгейі)	Фонетика, лексика, морфология, синтаксис. Қазақ халқының тарихи мұралары.

Постреквизиттер

Қазақ тілі пәнін оқу кезінде алынған білім кәсіби қазақ тілі пәнін игеру кезінде қолданылады.

Пәннің тақырыптық жоспары

Бөлімнің (тақырыптың) атауы	Сабақтардың түрлері бойынша еңбек сыйымдылығы, с.				
	Дәрістер	Практикалық	Зертханалық сабақтар	СОӨЖ	СӨЖ
I семестр					
1-тақырып. Отан отбасынан басталады. Отбасы және ұлттық дәстүр. Фонетика туралы жалпы түсінік. Тәнді быстар.		3		3	3
2-тақырып. Жас отбасы және дәстүр. Қазақстандағы некеге тұру жүйесіндегі ұлттық салт-дәстүрлер және демографиялық мәселелер. Буын түрлері. Екпін.		3		3	3
3-тақырып. Қазіргі тұрғын үй құрылысы. Ауылдағы тұрғын үй құрылыс бағдарламасы. Сөз құрамы. Түбір және қосымша.		3		3	3

Журнақ түрлері.					
4-тақырып. Мінез және келбет. Адамның жан дүниесі және сыртқы келбеті. Жалғау түрлері. Тәуелді септеу.		3		3	3
5-тақырып. Уақыт және адам. Уақыт алтыннан да қымбат. Сөз таптары. Сан есім.		3		3	3
6-тақырып. Салауатты өмір салты. Дені саудың – жаны сау. Үндестік заңы. (Ілгерінді, кейінді ықпал)		3		3	3
7-тақырып. Аралық тест. Тазалық – денсаулық кепілі. Тәуелдік жұрнақтар (-нікі,-дікі,-тікі).		3		3	3
8-тақырып. Менің Отаным - Қазақстан. Қазақ елі – бай ел. Зат есім.		3		3	3
9-тақырып. Қазақ халқының дәстүрлі өнері. Қазақтың театр және кино өнері. Көмекші есімдер. Омоним. Синоним. Антоним.		3		3	3
10-тақырып. Өлең сөздің патшасы. Хакім Абайдың философиясы. Сын есім.		3		3	3
11-тақырып. Туған ел – тұғырың. Айша Бибі кесенесі. Сын есімнің шырайлары.		3		3	3
12-тақырып. Университет – білім ордасы. Мамандық туралы. Есімдік.		3		3	3
13-тақырып. Қоғам және жастар. Қоғамның басты байлығы – дарынды жастарда. Етістік, түрлері.		3		3	3
14-тақырып. Аралық тест. Жастар және қоғамдық ұйымдар.		3		3	3
15-тақырып. Қайталау. Қорытынды. Емтиханға дайындық.		3		3	3
БАРЛЫҒЫ:		45		45	45
II семестр					
1-тақырып. Инновациялық экономика және ғылым. Ғылыми инновациялық жаңалықтар. Етістіктің шақтары.		3		3	3
2-тақырып. Заман және Заң. ҚР-ның «Тілдер туралы Заңы».		3		3	3

Етістіктің райлары.					
3-тақырып. Жарнама және бәсеке. Жарнама сауаттылығы. Етіс категориясы.		3		3	3
4-тақырып. Тәуелсіздік төрінде Біз тәуелсіз елдің ұрпағымыз. Етістіктің жіктелуі.		3		3	3
5-тақырып. Ұлылық ұлыдан. Ұлылардан қалған сөз. Үстеу.		3		3	3
6-тақырып. Қазақ елінің ұлттық байлығы. Ұлттық құндылықтар. Түркістан. Одағай. Еліктеу сөздер.		3		3	3
7-тақырып. Тарихыңды таны. Ерлік туын көтерген ерлер. Аралық тест. Шылаулар.		3		3	3
8-тақырып. Радиоэлектроника. Телефон байланысы. Есімше.		3		3	3
9-тақырып. Радиотехника өнеркәсібі. Телекоммуникация. Көсемше.		3		3	3
10-тақырып. Радиобайланыстың тарихы. Электрмагнитті толқындар және радио станциялар. Жай сөйлем.		3		3	3
11-тақырып. Радиолокация. Теледидар тарихы. Айтылу мақсатына қарай сөйлемнің түрлері.		3		3	3
12-тақырып. Телехабар тарату. Телефон. Сөйлем мүшелері.		3		3	3
13-тақырып. Радиотелефон және ұялы байланыс. Электр ілімінің жаңа кезеңі. Салалас құрмалас сөйлем.		3		3	3
14-тақырып. Трансформатор. Аралық бақылау. Сабақтас құрмалас сөйлем.		3		3	3
15-тақырып. Қайталау. Қорытынды. Емтиханға дайындық.		3		3	3
БАРЛЫҒЫ:		45		45	45

Практикалық (семинарлық) сабақтар тізімі:

I семестр

1. Отан отбасынан басталады. Отбасы және ұлттық дәстүр, демографиялық мәселелер. Фонетика туралы жалпы түсінік. Тән дыбыстар.
2. Жас отбасы және дәстүр. Қазақстандағы некеге тұру жүйесіндегі ұлттық салт-дәстүрлер және демографиялық мәселелер. Буын түрлері. Екпін.
3. Қазіргі тұрғын үй құрылысы. Ауылдағы тұрғын үй құрылыс бағдарламасы. Сөз құрамы. Түбір және қосымша. Жұрнақ түрлері..

4. Мінез және келбет. Адамның жан дүниесі және сыртқы келбеті. Жалғау түрлері. Тәуелді септеу.
5. Уақыт және адам. Уақыт алтыннан да қымбат. Сөз таптары. Сан есім.
6. Салауатты өмір салты. Дені саудың – жаны сау. Үндестік заңы. (Ілгерінді, кейінді ықпал).
7. Жазба жұмысы. Тазалық – денсаулық кепілі. Тәуелдік жұрнақтар (-нікі,-дікі,-тікі).
8. Менің Отаным - Қазақстан. Қазақ елі – бай ел. Зат есім.
9. Қазақ халқының дәстүрлі өнері. Қазақтың театр және кино өнері. Көмекші есімдер. Омоним. Синоним. Антоним.
10. Өлең сөздің патшасы. Хакім Абайдың философиясы. Сын есім.
11. Туған ел – тұғырың. Айша Бибі кесенесі. Сын есімнің шырайлары.
12. Университет – білім ордасы. Мамандық туралы. Есімдік.
13. Қоғам және жастар. Қоғамның басты байлығы–дарынды жастарда. Етістік, түрлері.
14. Аралық тест. Жастар және қоғамдық ұйымдар.
15. Қайталау. Қорытынды. Емтиханға дайындық.

II семестр

1. Инновациялық экономика және ғылым. Ғылыми инновациялық жаңалықтар. Етістіктің шақтары.
2. Заман және Заң. ҚР-ның «Тілдер туралы Заңы». Етістіктің райлары.
3. Жарнама және бәсеке. Жарнама сауаттылығы. Етіс категориясы.
- 4.Тәуелсіздік төрінде. Біз тәуелсіз елдің ұрпағымыз. Етістіктің жіктелуі.
5. Ұлылық ұлыдан. Ұлылардан қалған сөз. Үстеу.
6. Қазақ елінің ұлттық байлығы. Ұлттық құндылықтар. Түркістан. Одағай. Еліктеу сөздер.
7. Аралық тест. Тарихыңды таны. Ерлік туын көтерген ерлер. Шылаулар.
8. Электр терминінің тарихы. Электр энергиясының маңызы. Есімше.
9. Электр ілімінің жаңа кезеңі. Электр өлшеуіш. Көсемше.
10. Трансформатор. Электр ажыратқыш. Жай сөйлем.
11. Электр энергиясының көздері. Электрлі микромашиналар. Айтылу мақсатына қарай сөйлемнің түрлері.
12. Электрмагнитті жүйе. Электрқозғалтқыш. Сөйлем мүшелері.
13. Трансформатордың құрылысы және функциясы. Салалас құрмалас сөйлем.
14. Электртехника. Аралық бақылау. Сабақтас құрмалас сөйлем.
15. Қайталау. Қорытынды. Емтиханға дайындық.

СӨЖ-ге арналған бақылау жұмыстарының тақырыптары

I семестр

1. Сәлемдесу - сыпайылық әдебі. Өңгіме. Басқа халықтардың сәлемдесу үлгілері. Жаттап алу. Отбасы және ұлттық құндылықтар мен дәстүрлер. Сұхбат.
2. Қазіргі заман жастарының келбеті. Өңгіме. Замандас келбеті. Өңгіме.
3. Тұрғын үй түрлері. Өңгіме. «Қолжетімді баспана». Өңгіме.
4. Бет-бейнеде көп сыр бар (шағын эссе). Адамның жан дүниесі, сыртқы келбеті, мінез, парасаттылық. Өңгіме.
5. Уақытты дұрыс пайдалана білесіз бе? а) Қызығушылық (спорт, саяхат). б) Кездесу (театр, мұражай). Біз қалай демаламыз? Өңгіме.
6. Ас адамның арқауы. Өңгіме. Жан сұлулығы- тән сұлулығы. Өңгіме.
7. Денсаулық – зор байлық. Өңгіме. Денсаулыққа байланысты 15 мақал-мәтел жаттау.
8. Тәуелсіз Қазақстан. Слайд жасау. Қазақстан - Азия барысы. Сұхбат.
9. Халықтық қолөнер. Өңгіме. Қазақ театр және кино өнері. Слайд жасау.
10. Абай Құнанбаев-қазақтың ұлы ақыны. Абайдың философиялық ойлары. Жаттап айту. Абай Құнанбаев - сазгер, аудармашы. Өңгіме.
11. Өз өлкеңді таны. Шағын әңгіме. Қазақстанның көрікті жерлері. Слайд жасау.

12. Университет мақтанышы (мемлекет қайраткерлері). Мамандығым – мақтанышым. Әңгіме.
13. Елбасы және жастар. Әңгіме. Қоғамдағы жастар мәселесі. Әңгіме.
14. Ұлттық кадрлар – мемлекеттің негізі. Әңгіме. Ел болашағы білікті маман қолында. Сұхбат.
15. Қайталау. Жобалық жұмыстарды, презентацияларды қабылдау. Емтиханға дайындық.

II семестр

1. «Ғылыми инновациялық жаңалықтар» тақырыбына реферат жазу. Жаңадан өндіріске енгізілген инновациялық технологиялар туралы шағын әңгіме жазу.
2. Ата Заң туралы конспект дайындау. Тіл туралы жазылған қазақ ақындарының шығармаларын жаттаңыз.
3. Газет-журналдардан 2-3 жарнама жазу. Жарнаманың қоғамдағы алатын орны туралы айту. Бір өнімді жарнамалау.
4. «Мен – егеменді елдің болашағымын» тақырыбына шығарма. «Қазақстан – егеменді мемлекет» тақырыбына слайд әзірлеу. «Тәуелсіздік тұтқасы – бізге аманат» тақырыбына эссе жазу.
5. «Халықаралық сыйлықтың лауреаттары» тақырыбына әңгіме жазу. «Ұлық адам – қызық адам» тақырыбына шығарма жазу.
6. «Ұлттық байлық және тәуелсіздік» тақырыбына шығарма жазу. «Қазақ елінің даму перспективалары» тақырыбына әңгіме жазу.
7. «Көне қала - Түркістан» тақырыбына слайд жасау.
8. Телефон байланысы тақырыбына сұхбат құрастыру. Радиоэлектроника сөзімен бірнеше сөйлемдер құрастыру.
9. Телекоммуникация туралы өз ойын жазу. Радиотехника өнеркәсібі тақырыбы бойынша шағын әңгіме құрастыру.
10. Радиобайланыстың тарихы тақырыбын толықтырып, сұхбат құрастыру. Электр магнитті толқындар және радиостанциялар тақырыбына слайд әзірлеу.
11. Радиолокация тақырыбы бойынша термин сөздермен сөз тіркестерін жасап, жаттау. Теледидар тарихы мәтінін толықтырып, әңгімелеу.
12. Телехабар тарату мәтінін толықтыру. Телефон тақырыбына слайд жасау.
13. Радиотелефон және ұялы байланыс тақырыбына сөзжұмбақ жасау. Электр ілімінің жаңа кезеңі тақырыбына сұхбат жасау.
14. Трансформатор тақырыбына слайд жасау.
15. Қайталау. Қорытынды. Емтиханға дайындық.

Пән бойынша берілген тапсырмаларды орындау мен тапсыру кестесі

Бақылау түрі	Тапсырма мақсаты және мазмұны	Ұсынылатын әдебиет	Орындалу ұзақтығы	Бақылау түрі	Тапсыру мерзімі	Балл
1	2	3	4	5	6	
I, II семестр						
Сабатқа қатысушылық	Грамматика	[1], [2], [3]	2 апта	Ағымдағы	1-6 апта	10
Бақылау жұмысы	Грамматика	[1], [2], [3]	3 апта	Ағымдағы	7-13 апта	10
Аралық тест			4 қатынас сағаттары	Межелік	14 апта	40
Емтихан	Пән материалының	Негізгі және қосымша	4 қатынас сағаттар	Қорытынды	Сессия кезеңінде	

	меңгерілу деңгейін тексеру	әдебиеттің жалпы тізімі				40
Барлығы						100

Саясат және процедуралар

Қазақ тілі пәнін оқу кезінде келесі ережелерді ұстануды сұраймын:

1. Сабаққа кешікпеу.
2. Сабақтан дәлелді себепсіз қалмау, ауырған жағдайда анықтама, ал басқа жағдайларда түсіндірме хат ұсынуды.
3. Сабақтың барлық түрлеріне қатысу студент міндеттерінің қатарына жатады.
4. Оқу процесінің күнтізбелік кестесіне сәйкес барлық бақылау түрін тапсыру.
5. Қатыспаған практикалық және зертханалық сабақтарды оқытушы көрсеткен уақытта өтеу.

Негізгі әдебиеттер тізімі

1. Сүлейменова Э., Қадашева Қ., Аханова Д. Қазақ тілі. Учебный комплекс. Алматы, 1996.
2. Күзекова З., Қарақұсова Г. Қазақ тілі (ЖОО экономика факультеттеріне арналған). Алматы: Қаржы-қаражат, 1997.
3. Күзекова З., Құрманбайұлы Ш., Жусанбаева С. Қазақ тілі. (Халықаралық қатынастар факультетіне арналған). Алматы: Ана тілі, 1998.
4. Аяпова Т. Қазақ тілі (Негізгі оқулық, үй кітабы, мұғалім кітабы). Алматы, 1998.
5. Бектұров Ш.К., Бектұрова А.Ш. Қазақ тілі (Ана тілі деңгейінде үйрету құралы). Алматы, 1998.
6. Жүнісбекова К. Қазақ тілін тез үйрену сабағы. Алматы, Санат, 1999.
7. Күзекова З. С. Қазақ тілінің практикалық курсы (гуманит). Алматы: Ғылым, 2001.
8. Күзекова З. Қазақ тілі. Жоғары оқу орындарына арналған оқулық (тілдерді оқытып үйретудің ортаңғы кезеңі үшін). Астана: Таным, 2003.
9. Кубаева И. Қазақ тілі Алматы, 2003 (электронды нұсқасымен).
10. Түймебаев Ж. Қазақ тілі (Грамматикалық анықтағыш). Алматы, 2004.

Қосымша әдебиеттер тізімі

11. Исаев С.М. Қазақ тілі. Оқу құралы. Алматы: Университет «Қайнар», 1993.
12. Т.Қордабаев Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер синтаксисі (Оқу құралы). Алматы, «Санат», 1995.
13. Г.М. Нұрғожина, Ғ.М. Әбілқасов. Қазақ елінің мемлекеттік рәміздерін оқыту әдістемесі. ҚарМТУ, 2001.
14. Г.М. Нұрғожина, Ғ.М. Әбілқасов, Ш.А. Жетпісбай Қазақ мәдениеті (Қазақ тіліне арналған мәтіндер жинағы). ҚарМТУ, 2003.
15. Ш.А. Жетпісбай, А.Ә. Ботабек, Г.С. Байпелова, Ғ.М. Әбілқасов, Г.Қ. Сағатова. Қазақ тілі (Кредиттік технология жүйесі бойынша оқу құралы). ҚарМТУ, 2004.
16. Байпелова Г.С. Әбілқасов Ғ.М. Хамитова Ш.Б. Кәсіби мәтіндер мен жаттығулар жинағы. Қарағанды, ҚарМТУ, 2009.
17. Нығметова Н.Т. Нұржанова Қ.Қ. Студенттердің дербес жұмысына арналған мәтіндер жинағы Қарағанды, ҚарМТУ, 2009.
18. О.Б. Берікұлы. Техникалық электроника, Алматы: Білім, 1995.
19. С.Б. Балабатыров. Электртехниканың теориялық негіздері. Оқу құралы. Алматы, 2010
20. Г.А. Бойко. Жалғау жүйелері (Оқу құралы). Қарағанды, 2006.
21. А.Т. Ибраев, У.К. Дегембаева. Радиотехника, электроника және телекоммуникация

негіздері, Алматы, 2012.

31.03.2004 ж. №50 мемл. Бас. лиц..
Баспаға _____ 20 ____ ж. қол қойылды. Пішімі 90 x 60/16. Таралымы _____ дана
Көлемі _____ оқу бас. п. № _____ тапсырыс Бағасы келісілген

100027. ҚарМТУ баспасы, Қарағанды, Бейбітшілік бульвары, 56